

03 сәуір 2024



## «Эйр Астана» Акционерлік қоғамы

### FlyArystan оператор сертификатын алды

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Компания» және еншілес FlyArystan-мен бірге «Топ») кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы, FlyArystan арзан тасымалдау брендінің Қазақстан Авиация Әкімшілігінен (ҚАӘ) жеке оператор сертификатын (АОС) алғанын хабарлайды.

2024 жылғы 1 сәуірде шыққан АОС ҚАӘ тарапынан өткізілген терең аудиті мен талдауының нәтижесі болып, FlyArystan-ның қазақстандық авиация заңнамасына да, халықаралық операциялық стандарттарға да сәйкестігін растайды. 2019 жылы құрылғаннан бері FlyArystan «Эйр Астана» компаниясың АОС пайдаланатын. Өзінің АОС-мен FlyArystan өз қызметін арзан тасымалдаушы үлгісіне одан ары бейімдеп, қосымша өсу мүмкіндіктерін іздестіре алады. FlyArystan Топтың толық еншілесі болып қала береді.

Бұл Топқа да, FlyArystan клиенттеріне де пайда әкелетін стратегиялық шешім. Лоукостердің өсуі мен дамуы үшін бөлек АОС қажет. Операциялық тұрғыдан алғанда, бұл үлкен тиімділікпен бірге әлем бойынша авиациялық билік органдары арасында танулуды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, FlyArystan-ға халықаралық нарықтағы белсендігін арттыру мен басқа әуекомпаниялармен ынтымақтасу үшін жеке IATA кодын алуға мүмкіндік береді.

#### Питер Фостер, «Эйр Астана» тобының бас атқарушы директоры:

«Эйр Астана» тобы сараланған және бірін-бірі толықтыратын екі әуе брендин қамтиды. 2019 жылы іске қосылғаннан бергі бес жыл ішінде FlyArystan қазақстандық нарықта көшбасшы болды: нарықтың дамуын ынталандырды, 2023 жылы 3,6 миллион жолаушыны арзан әуе тасымалымен қамтамасыз етті және өзінің әуе кемелері паркін 4-тен 18 ұшаққа дейін ұлғайтты, тағы 6 ұшақ 2024 жылы жеткізіледі. Әуекомпаниясының көлемі мен операциялық күрделілігінің өсуіне байланысты FlyArystan өзінің әуе операторы сертификатын алатын кез келді. Бұл FlyArystan-ның одан әрі өсуі және әуекомпанияның халықаралық нарықтарда даму мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін нормативтік базаны қамтамасыз етеді».

#### Сұрақтар бойынша хабарласыңыз:

##### «Эйр Астана» Тобы

Ирина Мартинез (Инвесторлармен байланыс бөлімінің бастығы)

[investor.relations@airastana.com](mailto:investor.relations@airastana.com)

+7 727 258 41 36

Белла Тормышева (Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі Вице-президент)

[media@airastana.com](mailto:media@airastana.com)

+7 727 258 41 35

**Instinctif Partners** («Эйр Астана» тобының PR және инвесторлармен байланыс жөніндегі кеңесшісі)

[airastana@instinctif.com](mailto:airastana@instinctif.com)

Damian Reese

+44 7931 598 593

Joe Quinlan

+44 7493 867 439

Vivian Lai

+44 7493 867 459

## **«Эйр Астана» Тобы туралы**

«Эйр Астана» Тобы кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. «Эйр Астана» тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған «Эйр Астана» толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 50 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. «Эйр Астана» Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. «Эйр Астана» Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он бір рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).